

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

ЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІГІ
ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

4

ҚҰҚЫҚТЫҚ ИММУНИТЕТ
ҚАЛЫПТАСУ ҚАЖЕТ

8

БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРМЕН
КЕЗДЕСТІ

17

№62 (227), ақпан, 2024 ж.

«80 КҮН - ИГІ ІС»

Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл толды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында Жеңіс күнінің 80 жылдығы елімізде кең көлемде аталып өтетінін айтты. Осыған орай, мереке қарсаңында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті «80 күн – 80 игі іс» атты ауқымды жобаны бастады.

Жобаның салтанатты ашылуына университеттің Басқарма Төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки, профессор-оқытушылар құрамы, студент-жастар қатысты. Дархан Жұмақанұлы іс-шараның маңыздылығына тоқталып, ардагерлердің майдандағы және тылдағы ерлігін есімізде сақтап, мақтан тұту, құрметтеу парызымыз екенін атап өтті.

–Баршаңызға белгілі биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығын тойлағалы отырмыз. Бүгінгі іс-шара – сол Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтудің бастауы. Университетіміз аталған даталы мерекеге арнап «80 күн - 80 игі іс» атты арнайы жобаны қолға алды. Жоба аясында оқу ордасында 9 мамырға дейін әр күні ардагерлермен кездесу, тәлімгерлік сабақ, дөңгелек үстелдер, поэзия кеші, фото көрме, спорттық сайыстар т.б. іс-шаралар ұйымдастырылады. Ұлы Жеңіс күніне дейінгі бабаларымыздың әрбір ерлігі, жанқиярлығы әр күнде өтетін іс-шараларда көрініс табады. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірінде сақтаймыз,- деді өз сөзінде Дархан Жұмақанұлы.

Мерекелік кеште қатысушылар ҰОС және тыл ардагерлерінің рухына бас иіп, алау отын жақты. «Мәдениет және өнер» факультетінің ұстаздары мен студенттерінің «Солдат хаты» қойылымы көрсетілді.

«80 күн – 80 игі іс» жобасын оқу ордамызда алғаш болып қолға алудың өз маңызы бар. Яғни, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың іргетасы сонау сұрапыл соғыстың нағыз қайнап тұрған кезінде 1943 жылы қаланды. Оқу ордасында сол кезеңдердегі соғыстан қираған қалалар мен елді мекендерді қалпына келтіру үшін құрылыс ісінің мамандары даярланды.

Игі іс 80 күн бойы, яғни Ұлы Жеңіс күніне дейін жалғасады.



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде ғылыми кеңестің кезекті отырысы өтті. Университеттің Басқарма төрағасы-ректор, Ғылыми кеңестің төрағасы Ахмед-Заки Дархан Жұмақанұлы алдымен жетістіктерге қол жеткізген бірқатар профессор-оқытушылар құрамын марапаттады. Дархан Жұмақанұлы Қалдыбаева Ботагөз Мырзахметқызы және Хусанов Жахонгир Евадилловичке «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағы дипломын табыстады.

Атап өтейік, биыл оқу ордасында жас ғалымдардың зерттеулерін қаржыландыру мақсатында алғаш рет «Zhas galym» университетшілік конкурсы өтіп, 11 ғалым грант иегері атанған болатын. Жеңімпаздарымыз аталған сертификатқа қол жеткізді.

Оқу ордамызда білім-ғылымға құштар студенттеріміз республикада талай додаларда топ жарып жүргені белгілі. Ғылыми кеңесте жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің студенттері Асылзат Нұралы мен Әсем Керімге дипломдарын салтанатты түрде берді.

МОЛОДОЙ УЧЕНЫЙ ПРИСТУПИЛ К РАЗРАБОТКЕ СОВРЕМЕННЫХ ГАЗООЧИСТНЫХ АППАРАТОВ

Молодые ученые ЮКУ им. М. Ауэзова выиграли 9 проектов по итогам конкурса «Жас ғалым». Один из этих проектов – работа научно-го сотрудника научной лаборатории «Мультифизическое моделирование конструкций, устройств и процессов», PhD, молодого ученого Абая Акылбекулы.



Абай Акылбекулы занимается созданием современных газоочистительных аппаратов на основе мультифизического моделирования метода газоочистки. Этот метод сочетает механизмы вихревого и ударного взаимодействия, обеспечивая оптимальный тепловой режим в зоне контакта.

Проект направлен на решение таких проблем, как низкая эффективность существующих методов газоочистки, высокое энергопотребление, склонность к образованию отходов, а также неблагоприятная экологическая ситуация внутри предприятия и за его пределами.

В ходе реализации проекта будут применены мультифизические методы исследований с использованием программ-

ного обеспечения COMSOL Multiphysics. Полученные результаты могут способствовать дальнейшему развитию науки и технологий в создании систем газоочистки, работающих в синфазном вихревом режиме взаимодействия газовых потоков.

Научные достижения могут быть использованы на предприятиях химической, нефтеперерабатывающей, пищевой промышленности и производства строительных материалов, а также в технологических процессах, где применяется газоочистное и пылеулавливающее оборудование.

Поздравляем Абая Акылбекулы! Желаем покорять новые вершины науки!

«ОЛИМПИАДА - 2025»: МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ БІЛІМ ГРАНТТАРЫН САРАПҚА САЛАДЫ

Университетте Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша орта білім беру мектептерін бітіруші оқушыларға арналған Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері комбинациясы және «Жас Талант» шығармашылық өнер конкурсы бойынша олимпиада басталды.

Дәстүрлі түрде өтетін олимпиадаға биыл тіркелгендердің саны 3 мыңнан асты. 17-28 ақпан аралығында өтетін сайыста кіл мықтылар анықталады. Олимпиаданың нәтижесі бойынша жеңімпаздарға оқуға түскенде оқу ақысына I – орынға 100% (12 орын), II – орынға 75% (12 орын), III – орынға 50% (12 орын) жеңілдіктер қарастырылған.

Олимпиаданың мақсаты – талантты және дарынды оқушыларға қолдау көрсету. Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп бітіруші оқушылардың білімін бағалау нәтижесінде дарынды озат оқушыларды анықтаймыз. Бұл оқушылардың жоғары оқу орындарында дұрыс мамандық таңдауына және оқуға түсу бойынша мейлінше ақпарат алуына

мүмкіндік береді. I, II және III орын алған жеңімпаздарға дипломдар мен оқу ақысына жеңілдіктер ұсынылады, - деп атап өтті Кәсіптік бағдар беру орталығы директоры Талғат Зәуірбеков.

Ал «Жас Талант» шығармашылық өнер конкурсында шығармашылық білім бағдарламалары тобын таңдаған дарынды және талантты оқушылар екі кезеңнен өтеді. Қатысушылар дінтану, театр өнері, мәдени-тынығу жұмысы, сән дизайны, хореография, бейнелеу өнері, сәулет, журналистика, көркем еңбек және сызу өнері, алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру, музыкалық білім бағыттары бойынша бағын сынауда.



ШЕТ ЕЛДЕ БІЛІМ АЛАТЫН СТУДЕНТТЕР ІРІКТЕЛДІ

Сыртқы академиялық оралымдылық бағдарламасы шеңберінде университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен жіберілетін үміткерлерді іріктеу жөнінде комиссияның мәжілісі өтті. Университеттің Басқарма төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Закидің төрағалығымен өткен мәжілісте шет елге оқуға жіберілетін студенттерді комиссия құрамы іріктеп және бөлінетін қаржы шығындарының сметасы бекітілді.

Университеттің стратегиялық даму жоспарының академиялық оралымдық бағдарламасы аясында шет елдерде білім алушы студенттер саны индикаторы бойынша 2025 жылға 220 білім алушыны жіберу қажет. Көктемгі семестрге 110 студент құжат тапсырған. Мәжілісте соның ішінде 44 үміткердің құжаттары қаралып, ашық дауысқа салынды. Жалпы аталған бағдарламамен студенттер Испания, Польша, Малайзия, Өзер-

байжан, Түркия, Германия, Өзбекстандағы жетекші оқу орындарында білім алады.

Басқарма төрағасы-ректор Дархан Жұмақанұлы шет мемлекеттердегі ЖОО-мен халықаралық байланысты нығайту, шет елде білім алуға ниетті жастарды қолдау және олардың санын көбейту бойынша бірқатар тапсырмалар жүктеді.

ПРИЗЕРОВ ЗИМНИХ АЗИАТСКИХ ИГР ВСТРЕТИЛИ С БОЛЬШИМ ПОЧЕТОМ

Шымкентцы под бурные аплодисменты встретили призеров IX зимних Азиатских игр по фристайл-акробатике, которые прошли в китайском городе Харбине. В Играх приняли участие шымкентцы Жолдас Аяна, Асан Асылхан, Ардана Маханова, Динмухамед Райымкулов, Шерзод Хаширбаев, Уланбакир Умурзаков.



Ардана Маханова и Динмухамед Райымкулов учатся на втором курсе факультета «Спорт и туризм» ЮКУ имени М. Ауэзова. В торжественной обстановке руководитель управления физической культуры и спорта города Шымкента Маратбек Мыктыбеков, проректор по социальной и воспитательной работе Гани Бесбаев, старший тренер сборной РК по фристайлу Баглан Инкарбек поздравили призеров с победой.

На IX зимних Азиатских играх в Харбине бронзовыми призерами стали Ардана Маханова и Аяна Жолдас в синхронных прыжках по фристайл-акробатике среди женщин. Динмухамед Райымкул - мастер спорта международного класса, член национальной сборной, победитель молодежных игр и спартакиад, призер Кубков мира и Европы, победитель молодежного чемпионата мира по фристайл-акробатике.

В Алматы прошел чемпионат мира по фристайл-могулу и фристайл-акробатике среди юниоров. В международных соревнованиях приняли участие 110 спортсменов из 13 стран. Динмухамед Райымкул в третий день чемпионата одержал историческую победу, завоевав первую золотую медаль по фристайл-акробатике.

От всей души поздравляем победителей!

ӘЛІМХАН СЫЗДЫҚОВ АЛТЫН АЛДЫ



13-15 ақпан аралығында Ресейдің Суздаль қаласында грек-рим күресінен «Кутузов мемориалы» халықаралық турнирі өтті. Халықаралық додаға Ресей, Иран, Армения, Қазақстан, Беларусь тағы бірнеше елден балуандар өнер көрсетті.

Жарыста Азия чемпионатының толық жүлде жиынтығының иегері, Азия ойындарының қола жүлдегері, М.Әуезов атындағы ОҚУ «Спорт және туризм» факультетінің магистранты Әлімхан Сыздықов (130 кг салмақ дәрежесінде) алтын медаль алды. Халықаралық сайыста топ жарған палуанымыз Әлімхан Сыздықовты Әуезов университеті ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз!!! Жеңісті күндеріңіз көп болсын!

«AUEZOV STARS» ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАЙДЫ

Университеттің жоғары мектеп және факультеттердің студенттері арасында жаңа «AUEZOV STARS» жобасы басталды. Ұйымдастырушылар – Жастар орталығы жанынан құрылған «Студенттік Парламент» ұйымы. Ашық-аймақтық әдеби пікірсайыс турнирінің ашылу салтанатына университеттің Бұқарамен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Садыбек Бейсенбаев, Шымкент қалалық ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы Айгерім Жұмағұлова және студент-жастар қатысты.

–Бұл жобаның басты мақсаты – жастарды түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы көшбасшылық қабілеттерін арттыру, университет ішінде ынтымақтастық пен бәсекелестік ортасын қалыптастыру. «Auezov Stars» – тек жарыс емес, студенттердің өзін-өзі дамытуына, жаңа идеялармен бөлісуіне және қоғамға пайда тигізуіне арналған алаң. Бұл жоба университет жастарының білімді, жан-жақты және белсенді азаматтар ретінде қалыптасуына зор үлес қосады деп сенімді түрде айта аламын, – деп атап өтті өз сөзінде Бұқарамен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Садыбек Бейсенбаев. Жобада қатысушылар төрт ай келемінде «Brain Rain», «Film fest», «Charity», «Dodge ball», «Theatrical performance» атты 5 бағыт бойынша сайысқа түседі. Бүгін студенттік сенаторлар командаларын таныстырып, өз өнерлерін көрсетті. Қатысушылардың өнерлері көрермендерге керемет эмоция мен шабыт сыйлады. Атап өтейік, жобада «Үздік факультет», «Үздік белсенді факультет», «Үздік студент» сынды өзге де 35 номинация бойынша үздіктер анықталады. Жобаға қатысушы жастарымызға сәттілік тілейміз!



ЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІГІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні. 1989 жылдың 15 ақпаны – тарих қойнауына өшпестей болып жазылған күндердің бірі. Бұл күн Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні ретінде белгілі. КСРО Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы Борис Громов Кеңес әскерінің соңғы бөлігін Ауғанстан жерінен алып шықты. Бұл күн тарихта Кеңес әскерінің соғыстан қайтып оралу күні ретінде белгіленді. Тоғыз жылға созылған ауыр соғыс өзімен бірге мыңдаған адамның тағдырын талқандап, талай жүрекке жара салды.



Тарих беттеріне үңілсек, 1979 жылы 25 желтоқсанда Кеңес Одағы Демократиялық Ауғанстан Республикасына әскер кіргізіп, жаңа кезеңге қадам басты. Бұл қадам әлемдік саясат сахнасында түрлі пікірталас тудырып, КСРО үшін үлкен сын болды. Кеңес әскерінің Ауғанстанға енгізілуі негізінен «халықаралық борышты өтеу» деген ұранмен жүзеге асырылғанымен, іс жүзінде бұл қанды майданға айналды.

Ауған соғысы қарапайым сарбаздар үшін оңай болмады. Бөтен елдің құмды даласында, жан-жақтан анталаған дұшпандардың ортасында өмір мен өлімнің арасында жүрген жауынгерлер туған жерлерін аңсап, сағынышпен күн кешті. Олар тек жаумен күресіп қоймай, Ауғанстан халқының тағдырына да ықпал етті.

Ресми деректер бойынша, соғыс жылдарында 15 мыңнан астам кеңес жауынгері қаза тапты, ал жүз мыңға жуық сарбаз жараланды. Олардың арасында Қазақстаннан аттанған 22 мыңға жуық жауынгер де болды. Өкінішке қарай, 924 қазақ елінің жауынгерлері туған жеріне оралмады. Олардың рухы әрдайым ел есінде сақталады.

Иә, шыны керек, Ауған соғысы көптеген жауынгерлердің тағдырын өзгерткен қасіретті кезеңдердің бірі болды. Сол сұрапыл жылдары Отан алдындағы борышын өтеп, ерлік көрсеткен азаматтардың қатарында мен де болдым. Жастық шағымда әскери міндетімді өтеу үшін Ауғанстан жеріне аттанған едім, сол жылдардағы қиындықтарды әлі күнге дейін еске аламын. Ол майданда батылдық пен төзімділіктің үлгісін көрдім, ерлікпен соғысқан қаруластарымды көрдім. Ауғанстандағы әр күніміз – өмір мен өлімнің арасындағы күрес болды. Біз Отанға аман оралу үшін ғана емес, қасымыздағы қарулас достарымызды да қорғау үшін күрестік. Әрбір атылған оқ, әрбір қаза тапқан сарбаз жүрегімізде мәңгілік із қалдырды. Соғыстың не екенін көрген адам бейбіт өмірдің бағасын жақсы түсінеді. Біз бейбітшілікті сақтап қалу үшін сол зұлмат жылдардың сабағын ұмытпауымыз керек.

Соғыс аяқталғаннан кейін қызметімді жалғастырып әртүрлі әскери лауазымдарда қызмет еттім. Қызмет барысында Ауғанстан соғысында алған өзімнің тәжірибем мен білімімді жастарға тәрбие беруде пайдаланып жүрмін. Шымкент қаласында тұрамын. Қазіргі таңда



Бүгінде жастарға рух беретін, әскери өмірдің қатаң тәртібін түсіндіріп, патриоттық сана қалыптастыруға үлес қосып жүрген ардагерлеріміз көп. Олардың ерлігі мен еңбегі – елге үлгі, ал жүріп өткен жолы – тарихымыздың бір парағы.

Елімізде 15 ақпан – Ауған соғысы ардагерлерін еске алу күні ретінде жыл сайын аталып өтеді. Бұл күн ардагерлер үшін ғана емес, бүкіл ел үшін тарихтан сабақ алатын күн. Бүгінде Қазақстан тәуелсіз, бейбітсүйгіш мемлекетке айналды. Осы тәуелсіздікті, тыныштықты сақтап қалу – әрбір азаматтың парызы. Қаншама боздақтың өмірін қиған соғыстар қайта қайталанбасын, өткеннен сабақ алып, бейбіт өмірді бағалай білейік.

Қыдырәлі РАИМБЕРДИЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
әскери кафедрасының аға
оқытушысы,
Ауған соғысының ардагері,
запастағы подполковник

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әскери кафедрасында қызмет ете отырып, студенттерге әскери дайындықтың қыр-сырын үйретіп, болашақ ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге атсалысып келемін. Солардың ішінде Аблай Кәрімбердиев, Арлен Тлеуов, Мухамедәлі Абдеш, Баутан Есенгелді есімді студенттерімді мақтан тұтамын. Олар – нағыз патриот, тәртіпті, жауапкершілігі жоғары жігітер. Әскери дайындықта үздік нәтиже көрсетіп, ерік-жігерімен көзге түсіп жүр. Осындай жастар барда, еліміздің қорғанысы мықты боларына сенімдімін.

Жақында сабақ барысында Есенгелді Баутанмен әңгіме өрбіттік. «Ауған соғысының ардагерлері студенттеріміз үшін үлкен үлгі. Студенттерге ардагерлеріміз тек әскери дайындықты ғана емес, нағыз ер азамат қандай болу керектігін үйретеді. Соғыс көрген адамның әрбір сөзі – өмірлік сабақ. Ардагерлердің айтқан әңгімелері мен кеңестері студенттерді шыңдап, рухтарын көтереді. Осындай ұстаздардан тәлім алғанымға қуанамын», – деді Е.Баутан.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ДАМУ МЕН ІЛГЕРІЛЕУ ВЕКТОРЫ



М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялардың инновациялық перспективалары» атты Халықаралық қысқы мектеп сәтті аяқталды.

20-31 қаңтар аралығында өткен бұл іс-шараға Қазақстан, ТМД елдері, сондай-ақ Малайзия мен Ираннан ғалымдар мен тәжірибелі мамандар қатысып, баяндамаларын оқып, тәжірибе алмасты. Онда жасанды интеллект саласындағы соңғы жетістіктерді және оның энергетикадан бастап медицинаға дейінгі әртүрлі салаларды дамытудағы рөлін талқыланды. Аталмыш шараны М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Ақпараттық технологиялар және энергетика» жоғары мектебінің «Ақпараттық жүйелер және моделдеу» және «Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедралары ұйымдастырды. Қысқы мектептің басты мақсаты – мамандарға өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсынатын және қазіргі әлемде ЖИ-дің орны туралы пікір алмасатын халықаралық алаң қалыптастыру. Қысқы мектепте мына тақырыптар талқыланды. Атап айтқанда, «Білім беру саласындағы инновациялар» блогында AI құралдарын оқу процесіне енгізу, интерактивті оқыту мен жекелендірілген білім беру траекторияларын дамытуға арналған баяндамалар үлкен қызығушылық тудырды. «Математикалық моделдеу және үлкен деректер» блогында қатысушылар күрделі жүйелерді модельдеудегі зерттеу нәтижелерін таныстырып, үлкен деректерді талдаудың инно-


вациялық әдістері ғылым мен өндірісте жаңа шешімдер табуға қалай көмектесетінін көрсетіп өтті. «Медицина» блогында машиналық оқытуды медициналық диагностикада қолдануға арналған тұтас бір бөлім қатысушылардың қызу талқылауына ие болды. Бұл бағыт ауруларды ерте сатыда анықтап, емдеуді оңтайландыруда ЖИ технологияларының жаңа мүмкіндіктерін ашатыны айтылды. «Энергетикадағы AI» бағытында баяндамашылар энергия тарату жүйесіндегі шығындарды азайту, жүктемені болжау және энергия тиімділігін арттыру үшін нейрондық желілер мен үлкен деректердің әлеуетін ашып көрсетті. «Киберқауіпсіздік және этика» бағытында жеке баяндамалар ақпараттық жүйелерді қорғау, сондай-ақ жасанды интеллектті заңды және моральдық тұрғыдан реттеу мәселелеріне арналды. Спикерлер технология халық игілігіне қызмет етуі тиіс екендігін және қауіпсіздік пен құпиялылықты сақтау маңызды екенін атап өтті. Қысқы мектептің негізгі мақсаттарының бірі – студенттерді, магистранттар мен докторанттарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді түрде тарту болды. Осыған орай жас зерттеушілер өз жобаларын ұсынған және тәжірибелі мамандардан кеңес алған арнайы секциялар ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы-

лардың айтуынша, мұндай формат дарынды жастарды ертерек нақты міндеттерді шешуге жұмылдырып, өңірдегі ғылыми-білім беру базасын нығайта түседі. 31 қаңтарда қатысушылар мен жоғары мектеп деканы мектепті салтанатты түрде жапты.

М. Әуезов атындағы ОҚЗУ өкілдері барлық баяндама жасағандарды және тыңдаушыларды белсенді қатысқаны үшін алғыс айтып, халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығына тоқталды. Ұйымдастырушылардың пікірінше, «Жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялардың инновациялық перспективалары» – тек іс-шараның тақырыбы ғана емес, сондай-ақ білім беру мен энергетика саласынан бастап басқа да салаларға айтарлықтай

өзгеріс енгізе алатын шынайы даму мен ілгерілеу векторы. Пікірталастар, практикалық семинарлар мен бірлескен зерттеулер туралы жасалған келісімдер болашақта Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде жасанды интеллект саласындағы инновациялардың берік іргетасына айналмақ. Жалпы алғанда, қысқы мектептегі талқылаулар ЖИ-дің болашақтың кілті екенін тағы да дәлелдеді. Цифрлық шешімдер ғаламдық міндеттерді тиімді шешуге көмектеседі әрі ғылым мен экономиканың жаңа көкжиектерін ашады.

Олжас СҮЛЕЙМЕН,
«Ақпараттық жүйелер және моделдеу» кафедрасының оқытушысы, магистр



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ БАР МА?



Жалпы, бізде ұлттық идеология бар ма? Әрине, жоқ деп айта алмаймыз, бар. Бірақ иә, бірақ... Жә, алдымен, аз-кем идеология деген сөзге тоқталайық. Қазақ совет энциклопедиясының 4-томында: «идеология – таптың, әлеуметтік топтардың мүддесін білдіретін, қоғамдық сана, философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялардың жиынтығы» деген анықтама берген. Бұл терминді алғаш француз философы және экономисі Де Гресси (1754-1836) қолданып, ол «идеологияның элементтері» атты төрт томдық еңбек жазған. Оның пікірінше, идеология туралы ғылым, ол барлық табиғат және қоғам туралы ғылымдардың, саясат, этика және т.б. әлеуметтік құбылыстардың негізіне жатуға тиіс.

Казақы қарапайым ұғыммен айтсақ, санаға сіңген дүниенің бәрі – идеология. Ал бүгінде санамызға не сіңбей жатыр... Жемқорлық, байлық, ұрлық-қарлық, алдау-арбау, кісі ақысын жеу... Осы жағымсыз әдет кейінге жастардың санасына сіңіп кетпесе екен деп алаңдайсыз.

Шын мәнінде, идеологиясыз мемлекет болмайды. Ал мемлекетсіз идеология болмайды. Негізінен, халықты бағыттап, жетелеп отыратын мемлекеттік идеологияның орны бөлек.

Ол мақсатты-жоспарлы түрде іске асады. Өйткені оның барлығы бір тәртіпке бағынады. Тәртіп бар жерде жүйелі жұмыс жүреді. Ал ұлттық идеологияның тізгіні қашаннан ұлт зиялыларының қолында болған. Бізде халыққа сыйлы, беделді, сөзі өтімді зиялы азаматтар жетерлік.

Осы рухты сөздерімен қаншама оқырманның санасын оятып, ұлттық идеологияның дәнін себуге тырысып келеміз. Бүгінгі қазақстандық қоғамда ұлттық идеология бар ма? Егер бар болса ол қандай деңгейде жүзеге асырылуда деген сауал көптің көкейінде жүргені анық. Жалпы ұлттық идеология жайлы сөз қозғалғанда ең алдымен ойға оралатыны кеңестік кезеңде іске асырылған қарымы кең социалистік идеология. Ал қазіргі қоғамға тірек болар нақты ұлттық идеология жайлы сөз қозғалғанда көпшілік авторлар оның бар екендігіне күмән келтіріп жатады. Жалпы, ұлттық идеология жайлы жазылған әртүрлі еңбектермен таныса отырып менің түйгенім, ұлттық идеологиясыз қоғамның алға дамуының тек жартыкештік күйде болатыны. Сондай ақ, қоғам қаншалықты экономикалық және әлеуметтік жағынан жетістіктерге қол жеткізгенімен мемлекет құраушы ұлттың ұлт ретіндегі мүдделерінің сыртта қалатындығы. Ұлттық идеологияны біз көбінше ұлттың бірлігі мен рухани тұтастығы және ұлт мүддесінің қоғамдық өмірдің барлық саласында басымдығы турасындағы қағидаларға негізделген көзқарастар мен ойлардың жиынтығы ретінде қарастырамыз.

Бүгінгі қазақстандық қоғамда ұлттық идеология бар ма? Егер бар болса ол қандай деңгейде жүзеге асырылуда деген сауал көптің көкейінде жүргені анық. Қазіргі қоғамға тірек болар нақты ұлттық идеология жайлы сөз қозғалғанда көпшілік авторлар оның бар екендігіне күмән келтіріп жатады. Жалпы, ұлттық идеология жайлы жазылған әртүрлі еңбектермен таныса отырып менің түйгенім, ұлттық идеологиясыз қоғамның алға дамуының тек жартыкештік күйде болатыны. Сондай ақ, қоғам қаншалықты

экономикалық және әлеуметтік жағынан жетістіктерге қол жеткізгенімен мемлекет құраушы ұлттың ұлт ретіндегі мүдделерінің сыртта қалатындығы. Ұлттық идеологияны біз көбінше ұлттың бірлігі мен рухани тұтастығы және ұлт мүддесінің қоғамдық өмірдің барлық саласында басымдығы турасындағы қағидаларға негізделген көзқарастар мен ойлардың жиынтығы ретінде қарастырамыз. Сонымен қатар, ұлттық идеологияның қалыптасуының басты кілті ұлттың өзін-өзі тану арқылы ұлттық санасының деңгейінің көтерілуі екендігін де жиі ескертеміз. Мұндағы басты мәселе жеке тұлғаның өзін саналы түрде өзі өмір сүретін қоғам қабылдаған жалпыға ортақ құндылықтар мен идеяларға бағындыруы болып табылады. Ұлттық идеологияның басты мақсаты ұлттың ұлт ретінде сақталуын, нақты мақсаттарға ұлт ретінде қол жеткізуін қамтамасыз етіп, ұлтты ішкі және сыртқы қатерден қорғап, оның дамып, гүлденуіне ықпал ету болып табылады.

Ұлттық идеологияның негізгі ерекшелігі оның жеке адамды үлкен мақсат жолына бағыттап, осы жолда өзін, өз өмірі мен мүмкіндіктерін сарп етуге үндеуінде. Яғни жалпы қоғам үшін айқындалған құндылықтардың жеке адам санасына сіңіріліп, оның сол мақсаттарды өмірінің мәніне айналдыруына ықпал жасау мүмкіндігі оның қарымын көрсете алады. Жеке адамның өз өмірінің мәні жайында ойланып, өмірдегі негізгі мақсат-мүдделерін айқындауға ұмтылатындығы оның әу бастан құдай берген артықшылығы деп қарастыратын болсақ, сол бағытта оған нұсқау беруші ретінде мемлекетті немесе сол ұлтқа жанашыр саяси ұйымды немесе жеке тұлғаны атап көрсетуге болады. Идея ұсынушы көпшілік мүддесі жолында жеке мүддені бағындыра отырып, жеке адамның сол көпшілік ұстанған бағытта өз мақсат-мүддесін ұштастыруына ықпал етеді.

Ұлттық идеологияның басты ерекшелігі оның жалпылық сипатында, яғни ол жасына, жынысына, әлеуметтік жағдайына қарамастан адамдарды бір идея жолында жұмыла қызмет етуге шақырады. Ортақ идеяға бет бұрғызу арқылы жеке тұлғаны дербес мүдделерінен бас тартуға жетелеуді оның құқықтарын шектеу деп ұғуға болмайды, себебі, адам өз еркімен кей мүмкіндіктерінен бас тартуы мүмкін, осы тұрғыдан алғанда ол саналы түрде таңдау жасайды. Сонымен қатар, ұлттық идеология

адамдарды әлеуметтік алшақтаудан сақтаудың бірден-бір құралы, демек, нақты идея жолында адамдар бірігуге ұмтылады, соның әсерінен, бір-бірімен әлеуметтік жағдайына қарамастан жақындаса түседі. Бұл өз кезегінде әлеуметтік жауапкершіліктің артуынан өз көрінісін тауып жатады. Кей кездері ұлттық идеологияны қалыптастыруда бір ұлттың артықшылықтарын насихаттаушылыққа бой алдыру кері нәтижелерге де алып келуі мүмкін. Бұл өз кезегінде бір ұлт өкілдерінің басын біріктіргенімен олардың өзге ұлт өкілдерімен ара қатынасына сызат түсіріп, тіпті, әсіре ұлтшылдыққа ұрындыруы да мүмкін. Сондықтан, көпұлтты мемлекеттің ұлттық идеологиясы мемлекет негізін қалаушы ұлт мүддесіне негізделгенімен сол ұлттың артықшылықтарын насихаттауға бағытталмауы тиіс. Яғни, азаматтардың теңдігі қағидасына сүйеніп мемлекет негізін құраушы ұлт мүддесіне өзге ұлт диаспораларының мүддесін ұштастыра отырып, ұлттардың өзара кірігуіне қызмет етуі тиіс. Бұл өз кезегінде мемлекеттің әртүрлі ұлт өкілдерін мемлекеттік тілді меңгеруге үндеп, олардың өз болашағын автохтонды ұлтпен байланыстыруына жағдай жасауынан көрініс табары сөзсіз. Сонымен қатар, ұлттық идеологияның басты мақсатының бірі ортақ діл қалыптастыру екендігін негізге ала отырып, автохтонды ұлттың ұлттық ерекшеліктері негізінде жалпы халыққа ортақ мәдени, рухани, білім салаларында айқын саясат жүргізу де халықтың біртұтастығына оң ықпал ете алады. Белгілі бір деңгейде ортақ діл қалыптастыра алған жағдайда мемлекеттің құқық жүйесін де автохтонды ұлттың ұлттық ерекшеліктеріне сай өзгерістерге ұшыратып, азаматтардың құқықтық санасының да ұлттық өзгешеліктермен қамтылуы бағытында жұмыстар атқаруға болады.

Адамның тұлға ретінде қалыптасуында орта мектептің алатын орнының зор екендігін басшылыққа ұстап, ел азаматтарының арасында мемлекеттік тілді меңгеруге деген құлшынысты арттыра отырып, елдегі қазақ тілді орта мектептерде өзге ұлт өкілдерінің көптеп білім алуына жағдай тудыру да ортақ діл қалыптастыруда өзінің оң нәтижесін берері анық. Жалпы елдегі қазақтардың да, өзге ұлт өкілдерінің де мемлекеттік тілді меңгеруге ынтасын арттырудың басты тетігі мемлекеттік қызметке тек мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін адамдарды қабылдау екендігі көптен бері айтылып жүр. Ал, күнделікті өмірде әртүрлі деңгейдегі шенеуніктердің мемлекеттік тілді білмесе де нақты лауазымдарды иеленіп жатуы мемлекет тарапынан заңды бұзушылық болып табылатынын қарапайым адамдар түсінеді және соған қарай мемлекеттік тілді үйренудің ешқандай мүмкіндік тудырмайтындығына көзі жеткендіктен оны үйренуден саналы түрде бас тартып, өз балаларын өзге тілдегі мектептерге беруде. Бұл мысалдан да біз мемлекет тарапынан ұсынылған идея болсын, қабылданған заң болсын, егер ол мемлекеттің тарапынан орындалмаса қоғам үшін жай айтылған сөз ретінде қабылданатынын көре аламыз.

Ақпараттық кеңістікке мемлекеттің қатаң бақылау жасау арқылы өзге елдердің халық санасына өз идеологиясын сіңіруіне тосқауыл қоя білу де мемлекеттің басты міндетінің бірінен саналады. Халыққа көзбояушылық үшін жалған жетістіктер мен толағай табыстар туралы ақпарат таратуды ұзақ уақыт бойы жалғастыру қарапайым азаматтардың билікке сенімін бәсеңдетіп, олардың бойында нигилистік көзқарастардың жандануына әсер етеді. Ақпараттық салада ұлттық идеологияны насихаттауда ең алдымен шыншылдық қажет, әрине, қарапайым адамды сендіру үшін кей кездері жағымды жалған ақпараттың да қажеті боларын жоққа шығаруға болмайды. Десе де, мемлекет жүзеге асырып жатқан шаралардың шынайы сипатын көрсету, сол арқылы қоғамда пікір қалыптастыра білу ұлттық идеология қалыптастыруда оң ықпа-

лын тигізе алары сөзсіз. Бұқаралық ақпарат құралдарының халық санасына әсерінің зор екендігін ескеріп, ұлттық идеологияны қалыптастырумен байланысты ақпараттарды қоғамның қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып тарату да жақсы нәтижеге әкеле алады. Бұл бағытта тек саяси үгіт-насихат емес, эфирден көрсетілетін материалдың барлығының дерлік ұлттық идеологияға сай болуы басты назарда болғаны абзал.

Әрине, халқының басым бөлігі бір ұлтты құрайтын мемлекеттерде ұлттық идеологияны қалыптастыру негізгі ұлт басым көпшілік болып та-



былмайтын мемлекеттерге қарағанда анағұрлым жеңілрек деп пайымдауға болады. Себебі, ондай қоғамда ұлттың басын біріктіру ісіне тек саяси идея ғана емес дін, діл, тіл сияқты негізгі компоненттер басты роль атқарады, ал саяси идеяны ұсынушы халықтың бұрыннан келе жатқан құндылықтары мен басты ұстанымдарын бір арнаға бағыттап, қоғамды жұмылдыра түсетін жол іздестіреді. Ал, дәл біздің еліміздегі жағдайда ұлттық идеология қалыптастыруда тек идея ұсыну ғана емес сол идеяны қоғамда орнықтыру үшін нақты іс-қимыл да қажет етіледі. Яғни, жалпы халықтың басын біріктіретін идея ұсына отырып, сол идеяның халық санасына сіңірілуі үшін мемлекет тарапынан болсын, нақты саяси ұйымдар тарапынан болсын іс-әрекеттер жасалынуы тиіс. Мысалы, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін халыққа арналған жалаң лозунг емес, мемлекеттік жоғарғы лауазымды тұлғалар тарапынан мемлекеттік тілдің тәжірибеде кең қолданыста болуы немесе тілдік ортаны қалыптастыру үшін қазақ тілді адамдардың санын арттыруда шет елден қазақ халқының өкілдерін тілдік орта қалыптастыруды қажет ететін өңірлерге көптеп қоныстандыру, болмаса, халықтың билікке деген сенімін арттыруда нақты бір салада реформа жасап оны соңына жеткізе алмаған саяси мемлекеттік қызметкерді сол үшін жауапқа тартып, болашақта саяси қызметкер лауазымына жібермеу, сыбайлас жемқорлықпен күресте көрсеткішке негізделген саясаттан бас тартып, себепті байланысқа негізделген нақты әрекеттерге бару және т.б. Жалпы алғанда, ұлттық идеология мемлекеттегі билік тарапынан қоғамға кіріктірілуі тиіс, жалаң идея немесе айтылған ой қоғамдағы әрбір тұлғаға жетпей-

ді, тіпті, жан-жақты насихатталып, адамдарға таныстырылғанымен оның іске асырылуына адамдардың мүдделі болуын қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті, мемлекеттік билік қоғамды өзіне жақын ұстап, онымен біріге әрекет етуге ұмтылуы тиіс, сонымен қатар, ел болашағы үшін маңызды шешімдерді қабылдауда қоғамдық пікірді басты назарда ұстауы қажет. Олай болмаған жағдайда, мемлекет тарапына ұсынылған ойлар мен идеялар тек сөз жүзінде қалып, қоғам тарапынан ешқандай қолдауға ие бола алмайды, тіпті, қоғам биліктен алшақтап, онда әртүрлі билікке қарсы көзқарастардың өрістеуіне алып келуі мүмкін. Кез-келген мемлекеттің негізін ұлттық идеология құрауы тиіс, яғни, ең алдымен саясат содан кейін ғана өзге басымдықтар орнықтырылуы қажет. Олай дейтін себебіміз, қоғамды құраушы жеке тұлғалардың мемлекеттің болашағы үшін жауапты болып, өз әрекетін ел мүддесі шегінде жүзеге асыруға бейім болуы мемлекет болашағы үшін аса маңызды. Яғни, кез-келген адам ұлттық идеологиямен қаруланып, сол бағытта өзін қалыптастырса, ол кез-келген салада ұлттық мүддені басқадан жоғары қоя біледі, сәйкесінше, оның қызметінің нәтижесі ұлтқа, мемлекетке пайда әкелуімен өлшенеді. Ұлттық идеологиямен қаруланған адамда дербес мүддеге қызмет ету, өз мүддесі үшін өзгенің барлығын құрбан ету болмайды, керісінше, ұлттық мүдде жолында өзінің дербес мүддесін құрбан ете алу қабылеті басымдыққа ие болады.

Ұлттық идеология мемлекеттің баянды болашағының кепілі болып табылады, сондықтан, мемлекет ұлттық идеологиясыз даму бағытынан бас тартып, жедел түрде осы мәселені қолға алуы тиіс. Себебі, ұлттық идеология мемлекеттегі әрбір жеке адамның өзін сол мемлекеттің ажырамас бөлшегі ретінде сезініп, өз өмірі мен болашағын сол мемлекетке бағыштауын қамтамасыз ете алатын айрықша күш. Сонымен, біздің еліміздегі ұлттық идеология қандай болуы тиіс деген сұраққа жауап іздеп көрелік, ол қандай болуы тиіс? Ұлттық идеологияның қоғамдық санаға орнығуының басты кепілі мемлекеттегі биліктің кәсібилілігі мен құқыққа бағынушылығы, мемлекеттің өз қызметтерін жүзеге асыруының қоғам үшін жағымды сипаты, билік пен қоғамның тығыз байланысты, өзара жауапкершілікте болуы.

Жоғары тоқталып өткеніміздей, ұлттық идеология тек бір ғана қатып қалған формуладан тұрмайды, ол ұлт болашағына қатысты көптеген ойлар мен идеялардың, көзқарастардың жиынтығы. Сондықтан, біз ұлттық идеология туралы сөз қозғағанда көптеген ойлар мен көзқарастардың өзегіне айналатын негізгі идеяны айрықша бөліп қарастыруымыз қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, негізгі идея әр адамның және жалпы қоғамның алдында нақты айшықталған арман мен мұрат болуы керек, соған қарай қоғам біріге алға ұмтылады. Мұнда басты орынға экономикалық құндылықтар басты орынды иеленбеуі қажет, негізгі мақсат адамның рухани құндылықтары ретінде танылуы тиіс. Бүгінгі күні ол арман қазақ халқының мүддесі мен ұлттық ерекшеліктерін негізге алған, біртұтас қазақстан халқы болып басы біріккен, қоғаммен өзара жауапкершілікте болатын кәсіби мемлекетте өмір сүретін жеке адамның өз мүмкіндігіне сай жетістікке қол жеткізе алуын қамтамасыз ете алатын азаматтық қоғам құру идеясы болуы тиіс. Мұндағы басты акцент даралыққа емес қоғамдық мүддеге сай өмір сүруге жасалынуы қажет.

Н.ДОСЫБАЙ,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжі, Қазақстан тарихы пәні оқытушысы, саясаттанушы, магистр.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСУ ҚАЖЕТ

Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау ең бірінші Қазақстан Республикасының Президентінен бастау алады. Президент – Ата заңымызда көрсетілгендей, «адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі» делінген. Президент бастамасымен оның жарлықтары арқылы еліміздегі адам және азамат құқықтарын қорғау жүзеге асады. Сонымен қатар, Парламент те адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру мен қорғауға кепілдік беретін маңызды мемлекеттік институт болса, сот, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ықпал ететін органдар болып саналады.



Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – ол адам. Адамның ең негізгі құқығы – ол оның өмір сүру құқығы. Адамның жеке өміріне, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне, ар-намысына ешкімнің қол сұғуға құқығы жоқ. Ол заңмен қорғалады. Мемлекеттік органдарға, арнайы құқықтар мен бостандықтарды қорғайтын органдарға, арнайы институттарға тіпті, қажет жағдайда ҚР Президентіне жүгінуге құқылымыз. Заңмен көзделген жағдайлардан басқа, ешбір мемлекеттік орган, ешбір лауазымды тұлға адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектей алмайды. Адамның ең маңызды әрі ең басты табиғи құқығы – ол оның өмірі. Адамның өміріне қауіп төндірген, төндіретін әрекеттер заңмен қудаланады. Адамды азаптауға, кемсітуге, зорлық-зомбылық көрсетуге, сөзбен не іспен қорлауға, қатігездік көрсетуге, күш көрсетуге жол берілмейді. Бұл – тек ұлттық заңнаманың ғана берік қағидалары емес, бұл – халықаралық құжаттардың да мызғымас әрі елеулі, ойып орын аларлық адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың іргетасы. Адамның ар-намыс бостандығы – бұл адам бостандығының ішіндегі ең негізгілерінің бірі. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болып саналғандықтан, әр адам өз қалауынша қай дінге сенетіндігін, қандай діни көзқарастар ұстанып, қандай ғұрыптар сақтайтындығын өзі шешеді. Дегенмен, бұл конституциялық құрылыс пен қоғамдық

тәртіпке залал келтірмеуі тиіс. Діни көзқарастары үшін халық арасында алауыздық, жауыздық тудырған іс-әрекеттер жазаланады. Кез-келген діннің өкілдері Конституциямен тең болып табылады, дінге сенушілер не сенбеушілер деп алаңбайды. Мемлекет органдары мен лауазымды тұлғалар діни бірлестіктердің қызметіне араласа алмайды.

Ата заңымызда бекітілген саяси құқықтар мен бостандықтарды атайтын болсақ, оларға аудандық, қалалық, облыстық мәслихаттарда республика Парламентіне дейінгі деңгейде өкілетті органдарды сайлау құқығы, республика азаматының саяси құқығына бейбіт жиыныстар, демонстрациялар, митингілер, шерулер жүргізу, тосқауылдарға тұру құқығы, қоғамдық бірлестіктер (діни бірлестікті қоспағанда) құру құқығы, мемлекеттің қызметке кіру құқығы, мемлекеттік органдармен еркін қарым-қатынас жасау құқығы және т.б. жатады. Адам құқығы жеке тұлғаларды тиімді қорғау үшін құқықтық тұрғыдан институттандыруды қажет етеді.

Сол себепті, адам құқықтарын қорғаудың тиімділігі ұлттық және халықаралық деңгейде үлкен алаңдаушылық тудырады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабында көзделгендей: «Әркімнің өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға

қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы». Адам құқықтарын қорғау бойынша Ұлттық институттардың үш түрі бар – адам құқықтары бойынша комиссиялар, арнайы институттар және омбудсмен.

Жалпы, мемлекеттік органдардың өкілеттіктері кеңейген сайын, азаматтарды мемлекеттің өктемдігінен қорғайтын механизмдердің күшейе түсуі керектігі заңдылық. Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің қызмет етуі адам оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары қымбат қазына деп танылатын демократиялық, құқықтық мемлекетті құру жолындағы еліміздің әлімдік стандартқа лайық болуға ұмтылғандығының дәлелді көрінісі.

Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті танылады. Ол адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын, мүдделері мен міндеттерінің атқарылуын қамтамасыз ететін ең маңызды институт болып табылады. Ол заң жобаларына бастамашылық қызметінен, Президенттің тиісті Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызмет қағидаларынан, Президенттің адам мен азаматтың саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік, азаматтық және жеке құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды көздейтін жеке құқықтық актілерінен көрініс табады.

Үкімет арқылы Президент бастамашы болған заңдарға мысал ретінде «ҚР азаматтарының денсаулығын қорғау туралы Заң», «ҚР шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы Заң» және т.б. жатқызуға болады. Мемлекеттік органдардың адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ұстанатын басты қағидаларына адам құқықтары мен бостандықтарының және олардың заңды мүдделерінің басымдығы қағидасы, мемлекеттік қызметке орналасудағы теңдік қағидасы, және қоғамдық пікірді ескеру қағидасы жатады. ҚР Президенті Қазақстан Республикасының азаматтығын белгілейді, саяси баспана беру, аса ауыр қылмыспен сотталған адамдарға кешірім жасау мәселелерін қарастырып, шешеді.

Ал құқық қорғау органдары, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары, соты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен ұйымдастыруға елеулі әрі оңынан ықпал етуші органдар болып табылады.

Адам құқықтарын қорғауда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі Комиссияның рөлі орасан зор. Бұл ҚР Президенті жарлығымен 1997 жылы 22 сәуірде құрылған консультативті-кеңесші орган болып табылады. Комиссияның негізгі міндеттеріне ҚР Президентінің адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретін-

дегі өзінің конституциялық мәртебесін жүзеге асыруы үшін жағдай жасау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау тетігін жетілдіруге жәрдемдесу; орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты іске асыру бойынша қызметіне жәрдемдесу; адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамалары мен бағдарламаларын дайындауға қатысу; адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу жатады.

Комиссияның өкілеттіктеріне тоқталсақ, біріншіден, мемлекет басшысына және тікелей комиссияға жолданған ҚР азаматтарының, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ ұйымдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы өтініштерін қарастырады. Екіншіден, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғайтын ҚР заңнамасына талдау жасайды, заң жобаларын әзірлеуге қатысады. Үшіншіден, адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар бойынша талдау материалдарын, сараптау-ұсынымдық қорытындылар әзірлеп, адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысады. Комиссия адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында құқық қорғау органдарымен, Адам құқықтары жөніндегі Үкілмен өзара әрекет етеді. Келесі, Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың құқықтарын қорғаудағы маңызды институттардың бірі - Адам құқықтары жөніндегі Үкіл жайлы, оның тарихы, қызметі және міндеті туралы ой өрбітейік.

1948 жылғы Адам құқығының жалпы Декларацияның 8-бабының тармағында адам Конституция немесе заңмен берілетін оның негізгі құқықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің құзыретті органдарының құқығында нәтижелі қалпына келтіру құқығы бар делінген болатын. Сондықтан ел тәуелсіздігі жылдарында Адам құқықтары жөніндегі үкіл институтын құру сапалы құқықтық базаны іске асыруға әсерін тигізді. Тәуелсіздік жылдарындағы шынайы реформалық өзгерістер бізді тоталитарлық жүйенің бөлігінен қазіргі заманғы серпінді дамып келе жатқан елге айналдырды. Омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі үкіл) институтын құру мықты құқықтық базаны іске асырумен қатар, бұл институт йҚазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес мемлекет-

тік тетіктің маңызды және ажырамас бөлігі ретінде бекіді. Азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі хаттарын қарап шешу Үкілдің негізгі қызметі болып табылады.

2002 жылы қыркүйектің 19-ында Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі Үкіл институтын құру жайында Президенттің арнайы жарлығы шықты. ҚР-да Омбудсмен институтының құрылуы - осы жолда үздіксіз атқарылған қыруар жұмыстың нәтижесі әрі жемісі. Көптеген жылдар бойы мамандар осы құрылымның адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы маңызын анықтап, оны қалыптастырудағы әлемдік тәжірибені жинақтауға бар күш-жігерін салған. Әсіресе, БҰҰ-ның Даму бағдарламасы, БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссарының басқармасы, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі ұйым сияқты халықаралық органдарды ерекше атаған жөн.



Омбудсмен институты адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қол сұғуынан қорғауды, заңнаманың қалыптасуын қамтамасыз етуді және оларды жүзеге асыруды көздейді. Омбудсменнің қызметі БҰҰ-ның бірқатар конвенцияларын ратификациялаған ҚР халықаралық міндеттемелеріне және әлемдік тәжірибесіне сай болады. Омбудсмен қызметінің негізгі принциптері: жариялылық, әділдік және бейтараптық. Омбудсменнің ҚР азаматтарының ғана емес, сондай-ақ ҚР-да тұрып жатқан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың да құқықтарын қорғауда көптеген өкілеттіктерге ие. Өзінің қызметі аясында кез-келген адамның құқықтарын мемлекеттің лауазымды тұлғалары бұзған жағдайда, тергеуді бастауға, оның жан-жақты жүргізілуін қамтамасыз етуге, адам мен азаматтың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін мемлекеттің лауазымды тұлғаларына кеңестер беруге құқылы. Сонымен қатар, ол адам құқықтарын қорғау бойынша мамандарды, сарапшыларды және халықаралық ұйымдарды тарту арқылы ынталандыру жүйесін дамытуға құқылы.

Көңіл бөлетін мәселе, қазақстандық омбудсменнің қызметі тек азаматтардан шағым қабылдаумен

шектелмейді. Ол өз құзырындағы мәселелер бойынша азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге байланысты шараларды іске асырады. Омбудсмен тиісті мемлекеттік органдарға істі тексерудің нәтижелеріне негізделген фактілерді және ұсыныстарды енгізуге, қажет болған жағдайда Парламентке және Үкіметке елдегі адам құқықтарының сақталуы жағдайын мәлімдеуге құқылы. Бұл қызмет адам құқығын сақтаудағы жариялылықты және мәселелермен қалың бұқараның таныс болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстандық омбудсменнің мәртебесі және өкілеттіктері төрелік етуші соттардың қызметіне, құқық қорғау органдарының процессуалдық және жедел іздестіру жұмыстарына кедергі жасалмайтындай етіп құрылған. Сонымен қатар сот және құқық қорғау органдары секілді омбудсмен, негізінен, жалпы құқықты емес, адамның жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қалыптасқан. Осы

орайда өзге институттарға қарағанда омбудсменнің азамат пен мемлекет арасындағы даулы мәселелерді шешуге барынша бейімделгенін байқауға болады. Ол өзінің болмысы бойынша өзге құқық қорғау органдарын алмастыра алмайды, керісінше қолда бар құқық қорғау ұйымдарының жүйесін толықтыра түседі.

Азаматтардың діни сенім бостандығы - бұл демократияшыл қоғамның іс-әрекет етуінің қажетті өмірлік шарты, адамның құқықтары мен бостандықтары жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Діни сенім бостандығы мәселесі көпконфессиялық мемлекет саналатын Қазақстан үшін әрдайым маңызды болып қала бермек.

Діни сенім бостандығы феноменінің маңыздылығы халықаралық тәжірибеде де танылған. 1948 жылы БҰҰ қабылдаған Жалпыға бірдей адам құқығы жөніндегі декларацияның 18-бабында: «Әркімнің ойлау, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар», - деп көрсетілген. Жалпыға бірдей адам құқығы жөніндегі декларацияның 29-бабында заңда тек қана басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісінше тануды және құрметтеуді қамтамасыз ету және демократияшыл қоғамдағы

